

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	«Қуралай» жекеменшік балабақшасы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	Балдаурен				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Сергазина Нургуль				
Жоспардың құрылуда көзені (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	10.04-14.04.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сарсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	Жұма
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Медбикеден кенес. "Тазалық – денсаулық кепілі".				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарап және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды тамақ ішер кезде, табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктеріне ынталандыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Балаларды дайын жемді жемсалғышқа салу, балыққа жемді өлшеуішпен салуға үйрету.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Даму орталықтарында кезекшілікті үйымдастыру.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы мекендеушілерді күте білу; қамкорлық таныту.	"Еңбекке баулу" Мақсат-міндеттер. Үйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру.
	Мұсіндеуден ойын-жаттығу "Шарбақ жанында жатқан доп". Мақсат-міндеттер. Балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде ұғымдар қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру.	"Біздің айналамызда не бар?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: екі және үш буынды сөздерді бөліктеге бөлуге, сөздің әр бөлігін айтуда үйрету. Ойын барысы. Серуенде балалар айналасында бір бөлігі бар затты (шар,	"Табиғатта не болады?" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: етістіктің сөйлеударында қолданылуын бекіту, сөйлемдегі сөздердің келісімі. Барысы. Тәрбиеші допты балаға лақтырып, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала	"Андар не істей алады?" атты мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балалардың андар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауда ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, музика)	"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту). Барысы: педагог балаларға суреттерді таратады, оларды қарастыруға және атауға шақырады, содан кейін "Ол не істеп

	<p>гүл, доп, үй, бак), еki бөлігін (қоршау, бұталар, гүлдер, құм, шөп), үш бөлігін (эткеншек, веранда, қайын) іздейді. Әр жауап үшін бала жетон алады, ал жеңімпаз олардың санымен анықталады.</p>	<p>сұраққа жауап беруі керек. Ойынды тақырып бойынша ойнаған жөн. (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>жатыр?" деген сұрақ қояды. Мысалы: автобус - жүреді, жолаушыларды тасымалдайды, тоқтайды. (сөйлеуді дамыту, қоршаган ортамен танысу)</p>
Таңертенгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары (жалаулармен).</p> <p>1. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>1.1. Балалар жалауларын oң жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып.</p> <p>1.3. Балалар жалауларын сол жаққа сермеп, "желбіре" деген сөзді айтады.</p> <p>1.2. Бастапқы қалып.</p> <p>1.4. Бастапқы қалып. (жаттығу 4-5 рет қайталанады).</p> <p>2. Бастапқы қалып - аяқ алшақ, дene тік, қол төменде.</p> <p>2.1. Қолдарын жоғары көтеріп, жалауларын сермеп "жаса" деген сөзді айтады.</p> <p>2.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 4 рет қайталанады).</p> <p>3. Бастапқы қалып - жерде отырады, аяқ алшақ, жалаулар тізе үстінде.</p> <p>3.1. Жерге шалқасынан жалып, жалауларын жоғары желбіретіп "тербе" деген сөзді айтады.</p> <p>3.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>4. Бастапқы қалып - аяқ бірге, дene бос, қол төменде.</p> <p>4.1. Жалауды көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру.</p> <p>4.2. Бастапқы қалып. (жаттығу 3 рет қайталанады).</p> <p>(дene шынықтыру)</p>			

<p>Таңғы ас</p>	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртууді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Екі коян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>			
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p>	<p>«Әдепті сөздер шенбері»</p> <p>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шенберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.</p>	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге</p>	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге</p>	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен үйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге</p> <p>«Досынды тауып ал»</p> <p>Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді</p>

		<p>мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Қол алсып, кәне біз, Достасайық бәріміз Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шенберге.</p> <p>Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру!</p> <p>Қандай жақсы дос булу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Арайлап таң атты Шашып бізге шапағын, Тілейміз сізге ақ танын,</p> <p>Куанышым,шаттығы н Қайырлы таң! Қайырлы күн! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Күннің көзі ашылып, Көкте шуақ шашылып Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой, Ал, кәнекей, бәріміз, Сәлем дейік үлкенге! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін оыйншылар рөлдермен алмасады. (әлеуметтік- эмоционалды дағдылар)</p>
<p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған iс-эрекет</p>	<p>Дене шынықтыру "Жер-ана құшағында".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шенбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру;</p>	<p>Дене шынықтыру "Жер-Ананы қадірлейік!"</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды екі аяқпен секіруге (аяқтар алшақ) үрету; тізені біккө көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын</p>	<p>Музыка "Туған ел". Мақсат-міндеттер.</p> <p>Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге</p>	<p>Дене шынықтыру "Туған жер- тұғырың".</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды допты тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанға көздел лақтыру; нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа</p>	<p>Қазақ тілі «Жайылымда нелер жайылып жүр?». Үй жануарлары мен үй құстары. Мақсат-міндеттер. Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуді, балаларға арналған қазақ тіліндегі</p>

	қапшаны басына қойып, тіке журуге үйрету.	арқылы допты тордан өткізе лақтыру іскерліктерін дамыту.	үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуга үйрету; ырғакты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл- эрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.	жүру, тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын арттыру; оқу қызметін пысықтау.	тақпактарды («Көшеде») мұқият тыңдауды, тақпактар мен мазақтамалардың мазмұнын түсінуді, педагогтің үлгісі бойынша жатқа айтуды үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуды, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануды үйрету; төл сөздерді еркелетіп айтылған атауларына сүйене отырып анықтауды үйрету. Тақпактар, мазақтамалар мен диалогтар мазмұнда жиі қайталанатын сөздердегі дыбыстарды есту арқылы қабылдауды дамыту; монологтық сөйлеуді, қиялын,
--	---	--	--	---	--

					жағымды көніл күйлерін білдіре алу қабілеттерін дамыту. Құрдастарымен тату ойнауға, шығармашылықта баулу.
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылышын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылыштарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Жол қызылышын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: бағдаршам туралы білімдерін бекіту; жаяу жүргіншілердің мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту; көшеде өзін-өзі ұстасу мәдениетіне тәрбиелеу. Ересек адамдармен	Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: ленталар көмегімен балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, айту, қандай жел (кушті, әлсіз, жылы, сұық, көктемгі). Ересек адамдармен орындалатын	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: балаларды аспанмен байланысты ауарайының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек	Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құстарды сыртқы түрінен атап, ажыратса білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда экелетінін білу. Ересек адамдармен	Aya температурасын бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларға ауаның температурасын байқауға үйрету. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ересектермен бірге ауланы сиптиру).

<p>бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға ұя салу). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Қымыл-қозғалыс ойындары: "Біз тамшылармыз". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: қос катар құруды, кең шенбер құруды үрету; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Үшінші</p>	<p>қарапайым еңбек тапсырмалары (ауланы тазарту). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: еңбек жасау қабілетін жетілдіру, жасалған жұмыстан қанағат алуды үрету.</p> <p>Қымыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін сактауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту (жүру), зейінді дамыту,</p>	<p>тапсырмалары (құмды жолға себу). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды еңбек әрекеттерін дұрыс орындауға, еңбек майданын үлестіруге үйрету.</p> <p>Қымыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: баяу қалыптен жүруді, секіріп, тізе бұтуді үрету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Тар жолда". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: ептілікті, қимылдарды үйлестіруді дамыту.</p>	<p>бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (құстарға ұя салу). (еңбек дағдылары)</p> <p>Мақсат-міндеттер: жиналған бұтақтардан ұя салу қабілетін, шығармашылық қабілетін дамыту. Қымыл-қозғалыс ойындары: "Тез ал, тез қой", "Жұбынды қуып жет". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету.</p> <p>Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Сарбаздар" жаттығуы. (дene шынықтыру)</p>	<p>(еңбек дағдылары) Қымыл-қозғалыс ойындары: "Біз көнілді балалармыз", "Аю мен аралар". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сактауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үрету, физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Доп лақтыру". (дene шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттер: күш сала отырып, ептілікті дамыту.</p>
---	--	--	---	---

	<p>артық". (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жүгіру жылдамдығын, төзімділікті дамыту.</p>	<p>қимылдарды үйлестіру. (дene шынықтыру)</p>		<p>Мақсат-міндеттер: балаларды жорық жаттығуларына жаттықтыру (педагогтің белгісі бойынша бағанаға бірінен соң бірі сапқа тұру).</p>	
Серуенниен оралу	<p>Өз шкафын белгі бойынша тауып алушы, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</p>				
Тұскі ас	<p>Гигиеналық дағдылар</p> <p>Мақсат-міндеттер. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сұртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.</p> <p>Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; наңды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.</p> <p><i>Көркем сөз</i></p> <p>Екі қоян отырып, Сыр айтады жасырын. Сұр қасқырдың тәбетін, Берсе бізге асырып. Тәбетін біз қайтеміз, Тісін берсін қасқырдың.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</p>				
Құндізгі үйқы	Балалардың тыныш үйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұргызу,	Үйқылашар жаттығулары.				

сауықтыру шаралары	<p>Керует жанындағы жаттығулар "Құстар"</p> <p>1. "Құстар оянды". Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».</p> <p>2. "Құстар достарын шақырып жатыр". Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шынық-шинық» деп айту.</p> <p>3. "Құстар жем шұқып жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, саусақпен еденді соғу, бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>4. "Құстар көңілденіп жатыр". Б.қ.: тұрып, аяқ сәл алшақ, қол түсірілген. Жүріспен кезектесіп, бір орында секіру.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>			
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуга бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойны. Мақсат-міндеттер: балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Барысы: - Балалар, сендермен ойын ойнайтын боламыз. Мына, жерде жыл мезгілдеріне тән белгілерінің суреттері тұр. Осы</p> <p>Вариатив компонент/Шығарма шылық Қаздың балапаны Мақсаты: 1. Үй құстары туралы өлеңдер жаттау. 2. Қаздың балапаны туралы әңгіме айту. 3. Балаларды инежіппен жұмыс жасауға жаттықтыру</p> <p>"Гүлдердің атауын</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Төлдерді күтейік". Мақсат-міндеттер. Балалардың екі тең емес заттар тобын салыстыру және тенденстіру</p> <p>дағдыларын жетілдіру; саны өзара тең, аз немесе көп, биіктігі әртүрлі және бірдей заттарды</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Мысық тақпағын жаттау". Мақсат-міндеттер. Балаларды мысық туралы тақпақпен таныстыру, көркем сөзді жатқа айтуда үйрету, үй жануарының дене ерекшеліктері мен тіршілік ерекшеліктері</p>	<p>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Бір үзім нан". Мақсат-міндеттер. Балаларды "Бір үзім нан" ертеғісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертеғі желісін зейін қойып, барықыластарымен тындай білуге үйрету; шығарма мазмұндағы сөздердің мағынасын</p>

<p>белгілердің ішінен қыс мезгілінің белгісін ажыратып алуымыз керек. Ал, балалар, суреттерді төзірек ажыратып алайық.</p> <p>Балалар, суреттерді төзірек қойып шығады.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)</p>	<p>тап" дидактикалық ойны.</p> <p>Мақсат-міндеттер: гүлдердің атауларын атау іскерліктерін жетілдіру.</p> <p>Барысы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, қазір біз "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойнын ойнайдыз. <p>Тақтадан көп гүлдердің суреттері көрсетіледі. Сол тақтадағы гүлдің атауын табуымыз керек. Кім табады, сол бала қолын көтереді. Кім гүлді дұрыс атайды, сол бала жеңімпаз болады. Женғен балаларға гүлдердің бейнесі бар таңбалауыштар үlestіріледі.</p>	<p>салыстыру нәтижесін тұстастыру, беттестіру арқылы тексеру,</p> <p>салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу іскерлігін тиянақтау; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, көз мөлшерін, ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>жөнінде білімдерін жетілдіру.</p>	<p>түсіндіру.</p> <p>Ұлттық ойын.</p> <p>Қасқыр мен лақтар</p> <p>Алдымен қасқырдың рөлін орындастыны таңдап алады. Қалған балалар – лақтар. «Лақтар» залдың бір жағында, ал «қасқыр» ортасында тұрады. Мынадай сөздерді қайталайды: «Бөрте, бөрте, бөрте лақ,</p> <p>Бөрте лақ тым ерке-ақ.</p> <p>Кетесің кейде секендең,</p> <p>Байламаса көкем кеп».</p> <p>Лақтар залдың қарсы бетіне жүгіріп өтуге тырысады. «Қасқыр» залдың ортасында жүгіріп жүреді және әрі-бері</p>
--	---	---	--------------------------------------	--

		<p>тұрғызады. Бір бала мысықтың, екінші бала тышқанниң рөлінде ойнаулары қажет. Қалған балалар тышқанниң інін жасап, шенбер бойымен тұрады. Тышқан іннің ішінде, мысық шенбер сыртында жүреді. Балалар қолдарынан ұстап шенбер жасап, мысық кіріп кетпес үшін отырады, балалар орындарынан тұрган кезде мысық ебін тауып ішке кіріп, тышқанды ұстап алуы қажет. Тышқан шенберден серуенге шыққанда мысық оны аңдып ұстап алуға әрекет жасайды, тышқан мысықтан қашып,</p>	<p>жүгіріп өткен лақтарды ұстап алуға тырысады. Ойын қайталанады. «Қасқырды» қайта сайлайды.</p> <p>(дene шынықтыру)</p>
--	--	---	---

			<p>қайтадан ініне кіріп кетуіне болады. Мысық пен тышқаннның рөліне педагог алғашқыда пысық балаларды тағайындауы тиіс. Егер тышқан мысыққа ұстаптай ойын ұзаққа созылатын болса, педагог балаларды аудиностырады. (дene шынықтыру)</p>		
Балалармен жеке жұмыс	<p>Тыныс алу жаттығу. Қолға, алып шарды, Үрлеймін мен былай. Уф-ф-ф, Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах. (дene шынықтыру)</p>	<p>"Нәркес" өлеңін жаттау. Наурыз біте құлпырады қырларда Нәзіктіктің жаршысындай нәркесгүл. Нақ сұлулық сипатына сын бар ма? Нәркесгүлден нәр аласын көрсөн бір. А. Исабек</p>	<p>Артикуляциялық жаттығу. "Сағат" - тілді жіңішкеертіп ұстап онға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталуа керек. "Саңырауқұлақ" - аудиизды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тырып, төменгі</p>	<p>"Мысық" саусақ жаттығу. Пеш түбінде мысық отыр, (Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі жұмылады. Ортаң терек) Екі көзін қысып отыр. (Ортаң терек пен кішкене бөбек көздері бол саусақтарды</p>	<p>Тұған өлкем Кеңсің дала, Тұған ана. Көйлегің кең, көк ала, Жан беретін Тән беретін Мейірімді ана сен ғана. С.Сейфуллин (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>

	<p>(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)</p>	<p>жакты басып ауызды кең ашып ұстай.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>қимылдатады). Тышқан етін жегісі кеп, (Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі бір-бірін қашай қозгалтады) Tісі оның қышып отыр.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу.			
Серуен	Тұсқі серуендеңі бақылауды жалғастыру. (коршаган ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Серуеннен оралу	Өз шкаfyн белгі бойынша тауып алушы, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)			
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қараша және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ғарыш, жер-Ана, көктемгі ағаштар) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. Қысқа тақпақтар мен санамақтар, жаңылтпаштарды жатқа айтуды үйрету. Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді және мазмұнын өз бетінше қайталап айтуды үйрету. Сюжетті эмоционалды қабылдауды, кейіпкерлерге жанашырлық танытуды үйрету. Әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға елікте, жеткізуіді үйрету. Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату, оларды көпші түрде қолдануға үйрету. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (бар, кел, айт). Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат			

есім және сын есім, зат есім және етістік) үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды, осы дыбыстармен берілген сөздерді айтуды; өзіне айтылған сөздерді ынта қойып тыңдайды және тұсінуді үйрету.

Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка)

Мақсат-міндеттер. Өн айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету; оларды атай білу. Ересектердің орындаудағы және аудио-бейнежазбадан музика тыңдауға үйрету.

Өнер бұрышында андардың бояу суреттерін бояту, ұлпақар мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау.

(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)

Мақсат-міндеттер. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.

Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Геометриялық фигуralардың (дөңгелек, шаршы, ұшбұрыш) ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы киіз, кілем, көрпе, алаша орамал жасау.

Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. **(зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті)**

Танымдық дағдыларды қалыптастыруға арналған ойындар ұйымдастыру. **(математика негіздері)**

Мақсат-міндеттер. Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: үстінде-астында, алдында-артында, он-сол.

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Медбикеден кеңес. "Тазалық – денсаулық кепілі".	Ата-аналарға балалардың тазалықтарына назар аударуды ескерту.	"Бала қауіпсіздігі басты назарда" ата-аналармен кеңестер жүргізу.	"Отбасылық үлгі өнеге" ата-аналармен әңгімелесу.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.
--	--	---	---	--	---

Тексерген: Оразгалиева Г.Б.